





Жартылай шынжыр табанды СКПР-4 және шынжыр табанды СКГ-4 комбайндары (өндірісте 1962 жылдан бар), негізінде күріш жинауға арналған, олар топырағының ылғалы басым аудандарда да пайдаланылады. Олар СК-4 молотилкасының бір түрі болып табылады.

2. СКД-5 «С и б и р я к» (доңғалақты қос барабанды, дәнді дақылдарға арналған) және СКД-5Р «С и б и р я к» (шынжыр табанды, күрішке және дәнді дақылдарға арналған қос барабанды — штифті және соккылауыш) комбайндарының өнімділігі — 5—5,5 кг/с.

Бұл комбайндар 1969 жылдан бері шығарылады.



3. «Н и в а» комбайндары төмендегі унификацияланған машиналар тобын құрайды: СК-5 тобының негізгі моделі (доңғалақты астық оруға арналған, сыңар барабанды); СК-5-II (доңғалақты дәнді дақылдарға арналған, қос барабанды); СКГ-5 (шынжыр барабанды, қос барабанды, күріш және дәнді дақылдарға арналған; СКП-5 (сыңар барабанды, дәнді дақылдарға арналған, ауыстырмалы жартылай шынжыр табаны бар); СКП-5-II (қос барабанды, дәнді дақылдарға арналған, ауыстырмалы жартылай шынжыр табаны бар); СКК-5 (беткейлік, 20° көлбеу беткейлерден астық жинауға арналған). Бұл топтағы комбайндардың өнімділігі 5—6 кг/с 1973 жылдан бері өндірісте.

4. «Колос» комбайндары төмендегідей машиналар тобын құрайды (өз ара және «Нива» комбайндарымен унификацияланған): СК-6-II негізгі моделі (доңғалайлы дәнді дақылдарға арналған, қос барабанды); СК-6 (доңғалақты дәнді дақылдарға арналған, сыңар барабанды); СКПР-6 (күрішке және дәнді дақылдарға арналған, ауыстырмалы